

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
Т. Қ. ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ

3-ші деңгейдегі МСЖ құжаты	Ереже	Құжат индексі
Ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру туралы ереже	Редакция №2 01.03.2021ж.	<u>П-017-05-01-2017</u>

**ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ  
ЕРЕЖЕ**

АЛМАТЫ 2021

1. ҚР МСМ "Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы" РММ жоғары оқу орнынан кейінгі ғылыми-зерттеу орталығымен әзірленіп, енгізілген.
2. ҚР МСМ "Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы" РММ Ғылыми кеңесінің отырсының 2021 жылғы 01 наурыздағы №7 Хаттама шешімімен бекітілді және қолданысқа енгізілді.

## Мазмұны

1. Жалпы ережелер
2. Ғылыми-зерттеу жұмысын басқару
3. Ғылыми-зерттеу жұмысын жоспарлау
4. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу тәртібі
5. Ғылыми зерттеулердің нәтижелерін білім беру процесіне енгізу
6. Ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша бақылау, есепке алу және есептілік
7. Халықаралық ынтымақтастық
8. Қорытынды ережелер
9. Қосымша 1. Өзгерістерді тіркеу парағы
10. Қосымша 2. Танысу парағы



**БЕКІТІЛДІ**  
**Т. Қ. Жүргенов ат. ҚазҰӨА**  
**Ғылыми Кеңесі отырысының**  
**№7 Хаттамасы 01.03.2021ж.**

## **1. Жалпы ережелер**

1.1 Т. Қ. Жүргенова Қазақ ұлттық өнер академиясының (бұдан әрі – Академия) ғылыми-зерттеу жұмысы "Ғылым туралы" Заңға, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысына, бұйрықтарға, нұсқаулықтарға және Қазақстан Республикасының басқа да заңға тәуелді актілеріне, сондай-ақ Академия жарғысына және осы Ережеге сәйкес ұйымдастырылады және жүзеге асырылады.

1.2 Ғылыми-зерттеу жұмысы академия ұжымы қызметінің құрамдас бөлігі болып табылады, білім беру процесімен тығыз байланысты, оқытудың, ғылым мен практиканың тығыз өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге ықпал етеді, мамандарды даярлаудың жоғары сапасына қол жеткізуге, оқытушылар құрамының біліктілігін арттыруға бағытталған.

1.3 Ғылыми-зерттеу жұмысы әрбір оқытушының тікелей міндеті болып табылады.

1.4 Академиядағы ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі міндеттері:

- мәдениет, өнер және педагогиканың өзекті мәселелері бойынша зерттеулер жүргізу;
- оқу процесіне жаңа ғылыми-әдістемелік нәтижелер мен инновацияларды енгізу;
- ПОҚ, студенттер, магистранттар, докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруға ықпал ету;
- халықаралық ынтымақтастықты, оның ішінде ғылыми ұйымдарға шетелдік танымал сарапшы ғалымдарды тарту ісінде нығайту;
- студенттердің ғылыми-зерттеу қызметіне қызығушылығын, бейімділігін, зерттеу жүргізу біліктері мен дағдыларын қалыптастыру;

1.5 Ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі түрлері:

- Академияның ҒЗЖ жоспарлары бойынша ғылыми-зерттеу тақырыптарын әзірлеу;
- магистрлік және докторлық диссертациялық зерттеулерді ұйымдастыру және үйлестіру;

- Академия конференцияларының мақалалар жинағында және тұрақты жұмыс істейтін "Орталық Азия өнертану журналы" ғылыми журналында ғылыми жарияланымдарды ұйымдастыру және үйлестіру әрі редакциялау;
- монографияларға, тақырыптық жинақтарға, оқу құралдарына, диссертацияларға, авторефераттарға және мақалаларға сараптама жасау, рецензиялау және пікірлер дайындау;
- жариялауға жіберілген материалдарды плагиатқа сараптау;
- диссертацияларға ресми қарсыласу;
- шетелдік ғалымдардың ғылыми-теориялық және практикалық конференцияларын, мастер-кластарын ұйымдастыру және өткізу
- ғылыми конкурстарды, олимпиадаларды, байқауларды және постерлік баяндамалар конкурсын ұйымдастыру және үйлестіру;;

1.6 Ғылыми-зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің басқа оқу орындарымен және ғылыми-зерттеу мекемелерімен тұрақты өзара іс-қимыл жасау, ҚР Мәдениет және спорт министрлігімен, ЖОО-мен және академиялық ғылыми мекемелермен үйлестіру негізінде жүзеге асырылады.

## **2. Ғылыми-зерттеу жұмысын басқару**

2.1. Академияның ғылыми-зерттеу жұмысына жалпы басшылықты Академия ректоры жүзеге асырады.

Қаз ҰӨА-ның ректоры:

- Академияның ҒЗЖ Жоспарын, сондай-ақ ғылыми зерттеулердің тиімділігі мен сапасын арттыруға бағытталған маңызды іс-шараларды бекітеді;
- ҒЗЖ жоспарының орындалуын бақылауды жүзеге асырады, Академияның ғылыми-зерттеу жұмысының орындалу барысы туралы есептерін тыңдайды;
- ҒЗЖ жоспарының орындалуы туралы есептерді бекітеді, оларды Қазақстан Республикасының МСМ-не жібереді;
- ғылыми (авторлық) ұжымдарды және ғылыми зерттеулер жүргізетін тұлғаларды ҒЗЖ-да жоғары нәтижелері үшін, оның ішінде СҒЗЖ-ға басшылық еткені және дайындағаны үшін (республикалық турдың 1,2,3 дәрежелі жеңімпаздары/лауреаттары) 30-50 АЕК мөлшерінде көтермелейді;
- стипендия мөлшерінде студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын (СҒЗЖ) көтермелейді. Ұжымдық жұмыстың бірлескен авторларына ақшалай сыйлықақы тең үлестермен төленеді.
- басқа ұйымдарда, мекемелерде және оқу орындарында ҒЗЖ ұйымдастыру және орындау мәселелері бойынша академияны білдіреді.

2.2. Ғылыми-зерттеу жұмысына тікелей басшылықты ғылым жөніндегі проректор жүзеге асырады.

Академияның ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры:

- ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі бағыттары бойынша зерттеулерді ұйымдастырады;

- ғылыми зерттеулерді дайындау мен жүргізуді басқарады;
  - оқытудың, ғылым мен практиканың интеграциясын тереңдету процесіне ықпал етеді;
  - профессорлық-оқытушылық құрамның ғылыми біліктілігін арттыруды ұйымдастырады, магистрлік және PhD докторлық диссертацияларды дайындау сапасы мен мерзімдерін бақылайды;
  - авторлық ұжымдардың басшыларын, құрамын және ғылыми зерттеулер жөніндегі бағдарламаларды бекітеді;
  - Академиядағы ҒЗЖ жағдайын талдайды және оны жетілдіру бойынша іс-шараларды әзірлейді;
  - ҒЗЖ жоспарының орындалуын бақылауды ұйымдастырады;
  - Академия базасында өткізілетін ғылыми конференцияларға, кеңес-семинарларға және басқа да ғылыми жиналыстарға дайындалу мен өткізуді басқарады, ғылыми конференциялар мен семинарларға қатысу үшін профессор-оқытушылар құрамын, студенттерді, магистранттар мен докторанттарды белгіленген тәртіппен ұсынады;
  - ғылыми әзірлемелерді енгізу бойынша жұмысты бақылайды;
  - ішкі мақсаттағы нормативтік актілерді әзірлеуге басшылық етеді.
- 2.3. Академиядағы ғылыми зерттеулерді басқарудың алқалы органы Ғылыми кеңес болып табылады.

### **3. Ғылыми-зерттеу жұмысын жоспарлау**

3.1. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоспарлау мыналарды қамтамасыз етуге арналған:

- өнертанудың өзекті мәселелерін зерттеу кезінде профессорлық-оқытушылық құрамның қызметін үйлестіру
- ҚР БҒМ басқа да оқу орындары мен ғылыми-зерттеу мекемелерінің, басқа да ведомстволардың ҒЗЖ жоспарларымен үйлестіру, ғылыми зерттеулердегі параллелизм мен қайталануды жою
- ғылыми-зерттеу жоспарларының сабақтастығы;
- зерттеулердің жаңалығы мен өзектілігін қамтамасыз ету, аяқталған жұмыстар мен практика нәтижелерін оқу процесіне жедел енгізу, плагиатқа тексеру.

3.2. Академияда ғылыми-зерттеу жұмысын жоспарлаудың негізін оқу жылына арналған ҒЗЖ жоспары құрайды.

3.3. ҒЗЖ жоспары белгіленген нысан бойынша әрбір оқу жылына арналған кафедралардың ұсыныстары негізінде жасалады. Оған аяқталуы ағымдағы жылы көзделген тақырыптар, сондай-ақ бір жылға арналған жұмыстың мазмұны мен жоспарланған нәтижесі көрсетіле отырып, келесі жылға (жылдарға) ауысатын тақырыптар енгізіледі.

3.4. Жоспар Ғылыми кеңестің отырысында бекітіледі.

#### 4. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу тәртібі

4.1. ҒЗЖ жүргізу үшін бастапқы құжаттар зерттеу жобасының бағдарламасы болып табылады. Бұл құжаттар ҒЗЖ жүргізудің мақсатын, мазмұнын және тәртібін айқындайды.

4.2. Жоба мыналарды көрсетуі керек:

- ҒЗЖ өткізудің өзектілігі;
- ғылыми зерттелу жағдайын шешуге бағытталған республикадағы және одан тыс жерлердегі мәселе;
- зерттеудің мақсаты, міндеттері, әдістемесі;
- ҒЗЖ негізгі кезеңдері және оларды орындау мерзімдері;
- зерттеулердің болжамды нәтижелері және оларды енгізу бағыттары.

4.3. Ғылыми зерттеулерді авторлық ұжымдар (ғылыми-шығармашылық зертханалар) және жекелеген орындаушылар жүзеге асырады. Авторлық ұжымдардың жетекшілері жоғары білікті мамандар болуы керек.

4.4. Авторлық ұжымның жетекшісі:

- авторлық ұжымның құрамы туралы ұсыныстар енгізеді;
- жұмыс бағдарламасын және зерттеулер жүргізудің жоспар-кестесін әзірлеуді ұйымдастырады, әрбір орындаушыға тапсырманың сипаты мен көлемін, оны орындау мерзімдерін айқындайды;
- ҒЗЖ тақырыбы бойынша жұмыс ісін жүргізеді;
- зерттеу жүргізуге Ғылыми-әдістемелік басшылықты жүзеге асырады;
- жұмыс бағдарламасын және өткізу жоспар-кестесін әзірлеуді ұйымдастырады және орындаушыға тапсырманың сипаты мен көлемін, оны орындау мерзімдерін анықтайды;
- ҒЗЖ тақырыбы бойынша жұмыс құжаттамасын жүргізеді;
- зерттеулер жүргізуге Ғылыми-әдістемелік басшылықты жүзеге асырады;
- орындаушылардың жұмысына тұрақты бақылауды жүзеге асырады және оның белгіленген мерзімде жүргізілуін қамтамасыз етеді;
- авторлық ұжымның отырыстарын өткізеді;
- авторлық ұжымның жұмысы туралы кафедра алдында мерзімді есеп береді;
- белгіленген талаптарға сәйкес бір жыл ішінде және тақырыпты аяқтағаннан кейін ғылыми зерттеулердің нәтижелері туралы ғылыми жұмыс бойынша есеп жасайды;
- оқу процесі мен практикаға ҒЗЖ нәтижелерін енгізу бойынша жұмысқа белсенді қатысады.

4.5. Ғылыми-зерттеу жұмысын және оның жекелеген кезеңдерін орындау нәтижелері бойынша есеп жасалады. ҒЗЖ туралы есепті Ғылыми кеңесте ғылыми зерттеу нәтижелері қаралғаннан кейін Академия басшылығы бекітеді;

4.6 ҒЗЖ туралы есепті академия басшылығы Ғылыми Кеңесте ғылыми зерттеу нәтижелерін қарағаннан кейін бекітеді.

4.7. Ғылыми-зерттеу жұмысы және ҒЗЖ жоспарының тиісті тақырыбы аяқталған болып саналады, егер:

- қорытынды есеп бекітілсе;

- тиісті белгіленген талаптар орындалса.

## **5. Ғылыми зерттеулердің нәтижелерін білім беру процесіне енгізу**

5.1. ҒЗЖ нәтижелерін практикаға және оқу процесіне енгізу Академияның профессорлық-оқытушылық құрамының ғылыми зерттеулерінің тиімділігінің маңызды міндеті және негізгі критерийлерінің бірі болып табылады.

5.2. ҒЗЖ нәтижелерін енгізудің негізгі бағыттары болып саналады:

- Қазақстан Республикасы БҒМ оқу орындарының білім беру процесі;

5.3. Ғылыми зерттеулердің нәтижелерін білім беру процесіне енгізу бойынша Академияның негізгі функциялары:

- аяқталған әзірлемелерді табысты енгізу үшін қажетті ақпараттық, талдамалық және әдістемелік материалдарды дайындау;

- бөлімшелердің жеке құрамын оқытуға тікелей қатысуға ғылыми әзірлемелер пайдаланылу;

- ҒЗЖ нәтижелерін енгізуді жүзеге асырушыларға кеңес беру;

- Қазақстан Республикасы БҒМ салалық қызметтерімен бірлесіп әзірлемелерді пайдалану тәжірибесін зерделеу және қорыту, енгізу процесінде анықталған кемшіліктерді анықтау және оларды жою жөнінде ұсыныстар дайындау.

## **6. Ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша бақылау, есепке алу және есептілік**

6.1. ҒЗЖ ұйымдастыру мен өткізуді бақылауды Академия ректоры, ғылыми жұмыс жөніндегі проректор, кафедра меңгерушілері, авторлық ұжымдардың басшылары өз құзыреті шегінде жүзеге асырады.

6.2. Кафедра меңгерушілері семестрде кемінде бір рет кафедра мәжілістерінде кешенді тақырыптар мен магистрлік диссертациялық зерттеу тақырыптары бойынша жұмыстың жай-күйі туралы, іссапарлар мен ППК-ға және тағылымдамаларға оқыту нәтижелері туралы мәселелерді тыңдайды.

6.3. Ғылыми зерттеудің әрбір тақырыбы бойынша ғылыми есеп жасалады. Оны басқа құжаттардың (МҒЗЖ, ДҒЗЖ - талдау материалдары, ұсыныстар, ұсынымдар, қолжазбалар, жарияланымдар және т.б.) дайындалуына қарамастан жасау міндетті.

6.4. Ғылыми есеп аралық (егер зерттеу бірнеше жыл бойы жүргізілсе, белгілі бір жылға арналған жұмыс кезеңі бойынша) және белгіленген талаптарға сәйкес жасалатын қорытынды болуы мүмкін.

6.5. Ғылыми есеп кафедра отырысында қаралады. Бірнеше кафедралардың қызметкерлері жүргізген ғылыми жобалар бойынша ғылыми есеп осы кафедралардың бірлескен отырысында, ал академия басшылығының шешімі бойынша Академияның Ғылыми кеңесінің отырысында, ғылыми - практикалық конференцияда немесе теориялық семинарда талқыланады. Есепті талқылауға қатысуға мүдделі практикалық органдар мен оқу орындарының өкілдері тартылады.



6.6. Ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелері бойынша кафедралар ғылыми жұмыс жөніндегі проректорға Академия ректоры белгілеген мерзімде мәтіндік есеп береді.

6.7. Мәтіндік есептерде келесі мәселелер бойынша мәліметтер болуы керек:

- ұйымдастыру іс-шаралары;
- маңызды тақырыпты бөліп көрсете отырып, Академияның шығармашылық ынтымақтастығы туралы шарттарға сәйкес жүргізілген зерттеу тақырыптарды бөле отырып, әрбір бөлім бойынша жоспар тұрғысынан атқарылған жұмыстың барысы, көлемі, нәтижелері;
- ғылыми зерттеулердің нәтижелері пайдаланылған нормативтік актілердің, талдамалық құжаттардың, оқу материалдарының және т.б. атаулары, тиісті органдарға материалдардың шығыс нөмірі мен жөнелтілген күні көрсетіле отырып, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін іске асыру туралы мәліметтер;
- ҒЗЖ жоспарына енгізілмеген кафедраның ҒЗЖ тақырыптары бойынша жұмыстарды орындау;
- жоспардан тыс зерттеулерді оларды жүргізу үшін негіздерді, атқарылған жұмыстың көлемін, алынған нәтижелерді және оларды іске асыру нысандарын көрсете отырып орындау;
- докторлық және кандидаттық диссертациялар бойынша ресми оппонент болу;
- нормативтік актілердің жобаларына, монографияларға, оқу құралдарына, мақалаларға, диссертацияларға пікірлер дайындау;
- нақты зерттеулер жүргізу жүктелген жоғары тұрған органдардың тапсырмаларын іске асыру бойынша жұмыс;
- профессор-оқытушылар құрамының ғылыми жарияланымдары, оның ішінде зерттеу жұмыстарының нәтижелері бойынша;
- ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау және біліктілігін арттыру, диссертацияларды дайындау нәтижелері;
- бөлімше қызметкерлерінің конференцияларға, ғылыми семинарларға және т. б. қатысуы және ұйымдастыруы;
- ғылыми іс - сапарлар жоспарын орындау, олардың тиімділігі;
- кафедралардың ҒЗЖ жоспарының, жұмыс бағдарламаларының жоспар-кестесінің белгілі бір ұстанымдарының орындалмау себептері.

6.8. ҒЗЖ жоспарының орындалуы туралы есепті ғылыми жұмыс жөніндегі проректор дайындайды, оны Ғылыми кеңес талқылайды, Академия ректоры бекітеді.

## 7. Халықаралық ынтымақтастық

- жекелеген оқытушылардың, кафедралардың және жалпы академияның халықаралық байланыстарын одан әрі нығайту;
- ЖОО оқытушылары үшін шетелде ғылыми тағылымдамадан өту мүмкіндіктерін іздестіру;
- шетелдік жоғары оқу орындарының түлектері мен оқытушыларын студенттермен мастер-класс өткізуге шақыру;

- студенттерді халықаралық байқаулар мен фестивальдарға жіберу;
- түрлі шетелдік ведомстволар, қорлар, мекемелер мен ұйымдар өткізетін бағдарламалар конкурстарына қатысу.


## 8. Қорытынды ережелер

8.1. Осы Ереженің қағидаларын орындау үшін міндетті және нормативтік құжаттардың өзгеруіне, осы Ережеде ескерілмеген жаңа қосымша шығыстардың пайда болуына байланысты өзгертілуі немесе толықтырылуы мүмкін.

8.2. Ереженің тармағында іске асыруда туындайтын басқа мәселелер Т.Қ. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА-ның Жарғысына сәйкес немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен шешіледі.

### Әзірледі


Жоғары оқу орнынан  
кейінгі ғылыми-зерттеу  
орталығының басшысы



А. А. Кульшанова

### Келісілді:

Ғылыми жұмыс  
жөніндегі проректор



Қ. З. Халыков

Заң бөлімінің басшысы



Г. Д. Сеитбекова

Оқу үдерісін  
ұйымдастыру және  
мониторинг қызметінің  
басшысы



Б. К. Турдалиева



